



ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!



№25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясы



Тқырыбы: “Жасөспірімдік кезең және бау
құқығы. Сөйлем түрлері”

Сыныбы: 8 “Б”

Пәні: ағылшын тілі

Мұғалімі: Абдуллаева Жадыра Сапарқызы

**Оқу мақсаты: 8.1.2.1 әлеуметтік –қоғамдық, мәдени-
тарихи тақырыптарға байланысты диалог,
монолог, полилогтердегі автор көзқарасы мен
экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;
8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен
құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану**

Сабақтың мақсаты: әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдайды.

Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады



Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу,4 топқа бөлу

1-топ Хабарлы сөйлем

2-топ Сұраулы сөйлем

3-топ Бұйрықты сөйлем

4-топ Лепті сөйлем

“Жүректен-жүрекке”тренингі



Үй тапсырмасын пысықтау:
Үйге берілген 6-тапсырманы тексеру, өткен сабақты
сұрақ-жауап әдісі арқылы сұрау

Дескриптор:
Қойылған сұрақтарға жауап береді

Жаңа сабақ: Жасөспірімдік кезең және бала құқығы. Сөйлем түрлері

“Ойқозғау”

1. Жеткіншектік кезең деп қай кезеңді айтамыз?

2. Жасөспірімдік кезең деп қай кезеңді айтамыз?

3. ҚР баланың қандай құқығы бар?

Сөйлем құрылысына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем деп екіге бөлінеді.

Жай сөйлем дегеніміз бір ғана ойды білдіріп, бір ған интонациямен айтылатын сөйлемді айтамыз. Сөйлем айтылу мақсатына қарай 4 түрге бөлінеді. Хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем.

Хабарлы сөйлем-айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Мысалы: Көктем келді. Жиналыс сағат онда басталады.

Сұраулы сөйлем – жауап алу мақсатымен сұрай айтылған сөйлемді айтамыз. Мысалы. Не айтасыз? (сұрау есімдігімен). Сабаққа барасыз ба? (демеулік шылаумен) Сіз бүгін келетін шығарсыз? (көмекші сөздер арқылы)

Бұйрықты сөйлем-біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлем. Мысалы. Отпен ойнама! Мөлдір мені күтіп ал.

Лепті сөйлем-айтушының көңіл күйін білдіретін сөйлем.

Бейбітшілік жасасын! Мерекеңізбен құттықтаймын!

Мағынаны тану:

“Ақпараттағы ақау” әдісі арқылы берілген сөйлемдердің тыныс белгісін қойып, қойылу себебін түсіндір.

1. Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат

2. Алдың – жалын, артың – мұз

Барар едің қай жаққа

3. Соныға малды жайып күзетіндер

Ұйқы өлтірмес қайрат қыл бұз қамалды

4. Сенен артық жан тумас-ау

Шіркін сендей жан табылмас



Дескриптор

Сөйлемдегі тиісті тыныс белгілерін
қояды.

Тыныс белгілерінің қойылу себебін
түсіндіреді.

1. Жігіттер, ойын арзан , күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

2. Алдың – жалын, артың – мұз
Барар едің қай жаққа?

3. Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!

4. Сенен артық жан тумас-ау!
Шіркін, сендей жан табылмас!



Сергіу сәті

“Галереяда ой шарлау” сурет
қою

“Қасым ханның қасқа жолы”

Заң бес бөлімнен тұрады. 1. Жер дауы мен жесір дауына орай құн төлеу, салық салу мәселелері қарастырылған.

2. Қылмыс пен жаза өлшемдері белгіленген.

3. Әскери тәртіп және оны бұзушыларға қолданылатын жаза түрі айқындалған.

4. Елшілік қарым-қатынастар, елшілер мәдениеті қарастырылған.

5. Мерекелерді өткізу, ата дәстүріне қарай жерлеу, еске алу рәсімдеріне арналған. Ата – дәстүр мен салт-санадан алынған бұл заңның негізі қазақтарды тура жолмен жүруге шақырды.

Есім ханның ескі жолы

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы.

Күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда “Ата-баба” жолы басшылыққа алынды. Ғасырлар бойы сұрыпталып, орныққан осынау жол-жоралғы, әдет-ғұрып өз заманының әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне орай жетілдіріп жүйеледі. Дау шешіп, төрелік айту құзіретін иеленген би-қазылардың оны білуі міндетті саналған.

Тәуке ханның “Жеті жарғысы”

1. Елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған тысқы дұшпанға тойтарыс берді.
2. Елдің ішкі жағдайын реттеу үшін саяси-құқықтық тәртіпті күшейтіп, мемлекеттік кеңес “Жеті жарғы” және билердің қызметін қолдады.
3. Елдің шаруашылық өміріне көңіл бөліп, қала мен даланың үйлесіп тіршілік жасауына ұйытқы болды.
4. Тың өзгерістер енгізді.
5. “Хандық кеңес” және “Билік кеңестің” рөлін арттырды.
6. Хан мен билер ғана соттық мансапты атқаруға тиіс болды.
7. Билер жергілікті атқарушы өкіметке айналды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы

1.1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды.4 бөлім,21 тараудан тұрды.

2.1995 жылы 30 тамызда қабылданды.9 бөлімнен 98 баптан тұрады.

Мемлекеттің ең қымбат қазынасы-адамды және оның өмірін,құқықтары мен бостандықтарын айқындап бекітеді.

Өз елінде және мемлекеттер арасында азаматтық бейбітшілікті,ынтымақтастық пен тату қарым-қатынас жасау әдістерін орнықтыру,байырғы қазақ жерінде мемлекеттік бірлікті сақтау,республиканың тәуелсіздігін сақтауға;

Денсаулығын сақтауға,білім алуға,жеке бас бостандығын сақтауға құқылы т.б

Дескриптор

Топтық жұмыс жасайды.
ойларын нақты дәлелмен
жеткізеді

Жұптық жұмыс:

“Жасөспірім .Ол-кім?”

Семантикалық карта

	Бойы өсіп, бұғана сы қатады	Ақыл-ойы, рухани - моральдік жағынан жетіледі	Албырттық қызуқандылық бой ұрады	Заңды мүдделерін ата-аналары жүзеге асырады	Азаматтық қабілеттілік басталып
Жеткіншек кезең					
Кәметке толған жас					

Үйге тапсырма:

6-тапсырма.Өлеңді оқиды.Сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратады.Бұйыру,тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлемдердегі баяндауыштың жасалу тұлғасына талдау жүргізу

Бағалау :өзін-өзі бағалау
парағын тексеру

Рефлексия

“БББ”

